

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына қабылдаудың кейбір мәселелері туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 11 мамырдағы № 02-01-02/80 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 23 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6308 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2012 жылғы 9 шілдедегі № 02-01-02/90 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2012.07.09 № 02-01-02/90 Бұйрығымен.

Ескерту. Тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 1 сәуірдегі № 161 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгі Ережесінің 4-тармағына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5214 болып тіркелген) сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1 . К е л е с і :

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистратурасына қ а б ы л д а у Е р е ж е с і ;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының докторантурасына қ а б ы л д а у Е р е ж е с і ;

3) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ұлттық Мемлекеттік саясат мектебіне қабылдау Ережесі бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері Агенттігі Төрағасының орынбасары А. Шомановқа ж ү к т е л с і н .

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Қ. Нұрпейісов

" К Е Л І С І Л Д І "
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрі
Ж. Тұймебаев

2010 жылғы 26 мамыр

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігі Төрағасының
2010 жылғы 11 мамырдағы
№ 02-01-02/80 бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясының магистратурасына қабылдау
ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының (бұдан әрі - Академия) магистратурасына қабылдаудың осы Ережелері Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 1 сәуірдегі № 161 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік ережелеріне (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5214 болып енгізілген), Академия Жарғысына с ә й к е с ә з і р л е н д і .

2. Академия магистратурасына Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ шетел азаматтары және Қазақстан Республикасының аумағында тұрғылықты тұратын, азаматтығы жоқ тұлғалар қабылданады.

3. Академия магистранттарының контингенті мен санын қалыптастыру республикалық бюджет қаржысы есебінен қаржыландыру көлемі шегінде, сондай-ақ жеке және/немесе заңды тұлғалардың қаражаты есебінен ақылы негізде жүзеге асырылады.

4. Магистратураға түсу емтихандарын өткізу және оқуға қабылдау кезеңіне Академия ректорының бұйрығымен Қабылдау, емтихан және апелляциялық комиссия құрылады.

Академия ректоры Қабылдау комиссиясының төрағасы болып табылады.

5. Өтініштер 01-31 шілде аралығында қабылданады.

Қабылдау емтихандары 1–20 тамыз аралығында, оқуға қабылдау – 31 тамызға дейін жүргізіледі.

6. Академия құжаттарды тапсыру мерзімі басталғанға дейінгі отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей даярлау мамандықтарын, оқу мерзімі, шарттары (бюджеттік немесе ақылы негізде) және оқыту тілдерін көрсете отырып, магистратураға қабылдауды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарлайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

2. Магистратураға оқуға түсушілерді қабылдау тәртібі

7. Магистратураға жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгерген адамдар қабылданады.

8. Академияның магистратурасына бюджеттік негізде оқуға түсушілер мемлекеттік қызметкерлер болуы және келесі талаптарға сай болуы тиіс:

1) барлық оқу мерзіміне орташа балы «жақсыдан» төмен емес немесе GPA кемінде 3.0 балы бар жоғары білім туралы дипломының болуы.

Сонымен, «Құқық» тобының мамандықтары бойынша аталған жоғары білім туралы дипломы заң мамандықтары бойынша болуы;

2) құжаттар тапсыру кезеңіне мемлекеттік қызмет өтілі кемінде 2 (екі) жыл болуы ;

3) «Құқық» тобының мамандықтары бойынша – сот, құқық қорғау және өзге мемлекеттік органдарда мамандығы бойынша еңбек өтілі кемінде 2 (екі) жыл болуы ;

4) «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінде жұмыс істейтін және орталық мемлекеттік органдардың халықаралық ынтымақтастық бөлімшелерінде жұмыс істейтін адамдар үшін кемінде 2 (екі) жыл болуы.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

9. Академия магистратурасына ақылы негізде оқуға түсушілер мына талаптарға сай болуы тиіс:

1) барлық оқу мерзіміне орташа балы «жақсыдан» төмен емес немесе GPA кемінде 2.67 балы бар жоғары білім туралы дипломының болуы.

Сонымен, «Құқық» тобының мамандықтары бойынша аталған жоғары білім туралы дипломы заң мамандықтары бойынша болуы;

2) «Заңтану» мамандығы бойынша – құжаттар тапсыру кезеңіне мамандығы

бойынша еңбек өтілі кемінде 2 (екі) жыл.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

10. Магистратураға оқуға түсушілер Академияның Қабылдау комиссиясына мына құжаттарды тапсырады:

1) ректордың атына жазылған өтініш өз еркінше;
2) жұмыс орны бойынша кадр бөлімі растаған кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы немесе істеген қызметтерінің тізімі;

3) жоғары білімі туралы құжаттың қосымшасымен бірге нотариалдық расталған (мемлекеттік қызметкерлерге – мемлекеттік органның кадр қызметі растаған) көшірмесі;

4) 3,5x4,5 көлемді 6 фотосурет;

5) медициналық анықтама;

6) жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі;

7) еңбек өтілі болған жағдайда, еңбек қызметін растайтын құжаттың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нотариалдық расталған (мемлекеттік қызметкерлерге – мемлекеттік органның кадр қызметі растаған) көшірмесі;

8) жұмыс орнынан мінездеме;

8-1) осы Ереженің 13-1-тармағында көрсетілген бағдарламалар бойынша тест тапсырғандығы туралы қолданыстағы нотариалды куәландырылған (мемлекеттік қызметкерлерге – мемлекеттік органның кадр қызметі растаған) сертификат көшірмесі (бар болса);

9) ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектер тізімі (бар болса), аталған құжаттардың көшірмелерімен бірге.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

11. Магистратураға бюджеттік негізде оқуға түсушілер қосымша мыналарды тапсырады:

1) Мемлекеттік органның жетекшісінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағыттауға құқығы бар адамның қолы қойылған, Академия бекіткен нысандағы жолдама;

2) жұмыс орнынан санаты және мемлекеттік қызмет өтілі көрсетілген анықтама.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

3. Оқуға түсу емтихандарын өткізу тәртібі

12. Академия магистратурасына оқуға түсушілер мына қабылдау емтихандарын тапсырады:

- 1) шет тілдерінің бірі бойынша;
- 2) мамандығы бойынша.

12-1. Шетел азаматтары түсу емтихандарын тапсырады:

- 1) қазақ немесе орыс тілдері бойынша (оқыту тілі);
- 2) мамандық бойынша.

Ескерту. 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

13. Шет тілдерінің бірі бойынша (ағылшын, француз, неміс) қабылдау емтиханы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы әзірлеген технологиялар бойынша тапсырылады.

Басқа шет тілдері бойынша емтихан тапсыру және емтихан өткізу түрі (ауызша, жазбаша) туралы мәселені Қабылдау комиссиясы білім саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша шешеді және оны жеке тәртіпте қарастырады.

13-1. Test of English as a Foreign Language (TOEFL, шекті балл - кемінде 560), International English Language Tests System (IELTS, шекті балл - кемінде 6.0), Grundbaustein DaF (шекті балл - C 1), Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang (DSH, шекті балл - C 1), Diplome d'Etudes en Langue française (DELF, шекті балл - B 2), Diplome Approfonde de Langue française (DALF, шекті балл - C 1) Test de connaissances de française (TCF, шекті балл - кемінде 400) бағдарламалары бойынша шет тілінен (ағылшын, француз, неміс) тест тапсырғандығы туралы расталған қолданыстағы сертификаты бар Қазақстан Республикасының азаматтары шет тілінен түсу емтихандарынан босатылады.

Ескерту. 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

14. Жоғары білім беру бағдарламасының көлемінде мамандығы бойынша қабылдау емтиханын Академияның емтихан комиссиясы ауызша түрде жүргізеді.

15. Академия магистратураға түсу емтихандарының бағдарламаларын жоғары негізгі және арнаулы білім беру пәндерінің типтік бағдарламалары негізінде қалыптастырады.

агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

1 7 . < * >

Ескерту. 17-тармақ алынып тасталды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

1 8 . < * >

Ескерту. 18-тармақ алынып тасталды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

1 9 . < * >

Ескерту. 19-тармақ алынып тасталды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

20. Қабылдау емтихандарының бірінен қанағаттанарлықсыз баға алған тұлға одан әрі конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

Емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

21. Қабылдау емтиханының нәтижелерімен келіспеген оқуға түсуші тиісті емтихан тапсырғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін жазбаша апелляциялық өтініш береді. Апелляциялық комиссия өтініш тапсырылған күннен бастап бір күн ішінде апелляция туралы өтінішті қарайды және емтихан бойынша соңғы баға туралы шешім шығарады.

22. Апелляциялық комиссиясының құрамына мемлекеттік органдардың өкілдері тәуелсіз сарапшы ретінде қатыса алады.

4. Академия магистратурасына қабылдау тәртібі

23. Қабылдау комиссиясы магистранттар қатарына қабылдауды оқуға түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырады.

24. Қабылдау емтихандарының жиынтығы бойынша оң баға алған және бюджеттік негізде оқу үшін кемінде 8 балл және ақылы негізде оқу үшін кемінде 7 балл (дәстүрлі бағалау жүйесі бойынша) жинаған тұлғаларды Қабылдау комиссиясы оқуға қабылдануға кандидат ретінде қарастырады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

25. Бюджеттік негізде оқуға қабылдау кезінде бірдей балл жинаған жағдайда, оқуға түсушілерге мына реттілік бойынша басым құқық беріледі:

1) мамандығы бойынша ең жоғары баға алған;

- 2) шет/қазақ, орыс тілі бойынша ең жоғары баға алған;
2-1) мемлекеттік қызметтің басшылық лауазымдарындағы еңбек өтілі көп;
3) тиісті мамандық бейіні бойынша ғылыми жетістіктері (ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, патенті, ғылыми жарияланымдары) бар;
4) мемлекеттік қызметте көп еңбек өтілі бар;
4-1) магистратура мамандық бейіні бойынша жоғары білім туралы дипломының бар;

5) үздік белгідегі жоғары білім туралы дипломы бар.

Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

26. Бюджеттік негізде оқуға қабылдау туралы бұйрық Академия, оқуға түсетін конкурсант және Академияға оқуға жіберген мемлекеттік орган арасындағы үш жақты шарт жасалғаннан кейін жүзеге асырылады.

Ақылы негізде оқуға қабылдау туралы бұйрық шарт жасалғаннан кейін және бірінші оқу жылының толық немесе жартылай (50%) ақысы төленгеннен кейін шығарылады.

Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясының
магистратурасына қабылдау
Ережелеріне қосымша

Ескерту. Қосымша алынып тасталды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігі төрағасының
2010 жылғы 11 мамырдағы
№ 02-01-02/80 бұйрығына
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясының докторантурасына қабылдау
ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының (бұдан әрі – Академия) докторантурасына қабылдаудың осы ережелері Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 1 сәуірдегі № 161 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік ережелеріне (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5214 болып енгізілген), Академия Жарғысына с ә й к е с ә з і р л е н д і .

2. Академия докторантурасына Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ шетел азаматтары және Қазақстан Республикасының аумағында тұрғылықты тұратын, азаматтығы жоқ тұлғалар қабылданады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

3. Академияның докторанттар контингентін қалыптастыру республикалық бюджет қаржысы есебінен қаржыландыру көлемі аясында жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

4. Азаматтарды докторантураға қабылдау оқуға түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырады.

5. Докторантураға түсу емтихандарын өткізу және қабылдау кезеңіне Академия ректорының бұйрығымен Қабылдау, емтихан және апелляциялық комиссия қ ұ р ы л а д ы .

Академия ректоры Қабылдау комиссиясының төрағасы болып табылады.

6. Өтініштер 1–30 шілде аралығында қабылданады. Оқуға түсу емтихандары 1–20 тамыз аралығында, оқуға қабылдау 31 тамызға дейін жүргізіледі.

7. Академия құжаттарды тапсыру мерзімі басталғанға дейін отыз күнтізбелік күннен кешіктірілмей докторантураға қабылдауды даярлау мамандықтарын, оқу мерзімі, шарттары және оқыту тілдерін көрсете отырып, бұқаралық ақпарат құралдары ар қ ы л ы х а б а р л а й д ы .

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

2. Қабылдауды ұйымдастыру

8. Академия докторантурасына оқуға түсушілер мына талаптарға сай болуы тиіс :

- 1) магистр академиялық дәрежесінің болуы;
- 2) кемінде 3 (үш) жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар мемлекеттік қызметшілер болуы тиіс .

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

9. Докторантураға түсетін азаматтар Академияға мына құжаттарды тапсырады :

- 1) Академия ректорының атына жазылған өтініш, өз еркінше;
- 2) зерттеу тақырыбы бойынша Академия бекіткен нысанда автореферат түрінде қазақ немесе орыс тілдерінде жазылған негіздеме;
- 3) 3,5x4,5 көлемді 6 фотосурет;
- 4) медициналық анықтама;
- 5) жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі;
- 6) магистр академиялық дәрежесі туралы құжаттың нотариалдық расталған (мемлекеттік қызметкерлерге - мемлекеттік органның кадр қызметі растаған) көшірмесі ;
- 7) жұмыс орнынан мінездеме;
- 8) еңбек қызметін растайтын құжаттың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нотариалдық расталған (мемлекеттік қызметкерлерге - мемлекеттік органның кадр қызметі растаған) көшірмесі;
- 9) ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектерінің тізімі, аталған құжаттардың көшірмелері ;
- 10) Мемлекеттік органның жетекшісінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағыттауға құқығы бар тұлғаның қолы қойылған, Академия бекіткен нысандағы жолдама ;
- 11) мемлекеттік органның кадр қызметі растаған кадрларды есепке алу бойынша жеке іс парағы немесе істеген қызметтерінің тізімі;
- 12) жұмыс орнынан санаты және мемлекеттік қызмет өтілі көрсетілген анықтама ;
- 13) осы Ереженің 13-1-тармағында көрсетілген бағдарламалар бойынша тест тапсырғандығы туралы қолданыстағы нотариалдық расталған (мемлекеттік қызметкерлерге - мемлекеттік органның кадр қызметі растаған) сертификат көшірмесі (бар болса) .

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

Ескерту. 10-тармақ алынып тасталды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

3. Қабылдау емтихандарын өткізу тәртібі

11. Академия докторантурасына оқуға түсушілер мына қабылдау емтихандарын тапсырады:

- 1) шет тілдерінің бірі бойынша;
- 2) мамандығы бойынша.

11-1. Шетел азаматтары түсу емтихандарын тапсырады:

- 1) қазақ немесе орыс тілдері бойынша (оқыту тілі);
- 2) мамандық бойынша.

Ескерту. 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

12. Докторантураға қабылдау емтихандарын емтихан комиссиясы өткізеді.

13. Шет тілдерінің бірі бойынша (ағылшын, француз, неміс) қабылдау емтиханы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы әзірлеген технологиялар бойынша тапсырылады.

Басқа шет тілдері бойынша емтихан тапсыру және емтихан өткізу түрі (ауызша, жазбаша) туралы мәселені Қабылдау комиссиясы білім саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша шешеді және оны жеке тәртіпте қарастырады.

13-1. Test of English as a Foreign Language (TOEFL, шекті балл - кемінде 560), International English Language Tests System (IELTS, шекті балл - кемінде 6.0), Grundbaustein DaF (шекті балл - C 1), Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang (DSH, шекті балл - C 1), Diplome d'Etudes en Langue française (DELF, шекті балл - B 2), Diplome Approfonde de Langue française (DALF, шекті балл - C 1) Test de connaissances de française (TCF, шекті балл - кемінде 400) бағдарламалары бойынша шет тілінен (ағылшын, француз, неміс) тест тапсырғандығы туралы расталған қолданыстағы сертификаты бар Қазақстан Республикасының азаматтары шет тілінен түсу емтихандарынан босатылады.

Ескерту. 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

14. Академияның емтихан комиссиясы мамандық бойынша қабылдау емтиханын магистратураның кәсіптік оқу бағдарламалары көлемінде ауызша

ж ү р г і з е д і .

14-1. Академия докторантураға түсу емтихандарының бағдарламаларын жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру пәндерінің типтік бағдарламалары негізінде қ а л ы п т а с т ы р а д ы .

Ескерту. 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

15. Қабылдау емтихандарының бірінен қанағаттанарлықсыз баға алған тұлға одан әрі конкурсқа қатысуға жіберілмейді. Емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

16. Қабылдау емтиханының нәтижелерімен келіспеген оқуға түсуші тиісті емтихан тапсырғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін жазбаша апелляциялық өтініш береді. Апелляциялық комиссия өтініш тапсырылған күннен бастап бір күн ішінде апелляция туралы өтінішті қарайды және емтихан бойынша соңғы баға туралы шешім шығарады.

17. Апелляциялық комиссиясының құрамына мемлекеттік органдардың өкілдері тәуелсіз сарапшы ретінде қатыса алады.

4. Академия докторантурасына қабылдау тәртібі

18. Қабылдау комиссиясы докторанттар қатарына қабылдауды оқуға түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырады.

19. Қабылдау емтихандарының жиынтығы бойынша оң баға алған кемінде 8 балл (дәстүрлі бағалау жүйесі бойынша) жинаған тұлғаларды қабылдау комиссиясы оқуға қабылдануға кандидат ретінде қарастырады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

20. Бірдей балл жинаған жағдайда, оқуға қабылдау кезінде мамандығы бойынша ең жоғары баға алған, сосын шет/қазақ, орыс тілінен ең жоғары баға алған үміткерлерге басым құқық беріледі.

Мамандығы бойынша және шет/қазақ, орыс тілі бойынша бірдей балл жинаған жағдайда, оқуға қабылдау кезінде мемлекеттік қызметтің басшылық лауазымдарындағы еңбек өтілі көп бар, сосын тиісті мамандық бейіні бойынша ғылыми жетістіктері (ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, патенттері, ғылыми мақалалары және т.б.) бар үміткерлерге басым құқық беріледі.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

21. Оқуға қабылдау туралы бұйрық Академия, оқуға түсетін конкурсант, және Академияға оқуға жіберген мемлекеттік орган арасындағы үш жақты шарт жасалғаннан кейін жүзеге асырылады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М е м л е к е т т і к қ ы з м е т і с т е р і
а г е н т т і г і т ө р а ғ а с ы н ы ң
2 0 1 0 ж ы л ғ ы 1 1 м а м ы р д а ғ ы
№ 0 2 - 0 1 - 0 2 / 8 0 б ұ й р ы ғ ы н а
3-қосымша

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясының
Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебіне қабылдау
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы (бұдан әрі А? Академия) Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебіне қабылдаудың осы Ережелері Қазақстан Республикасының «Білім туралы», « Ғылым туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 1 сәуірдегі № 161 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік ережелеріне (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5214 болып енгізілген), Академия Жарғысына сәйкес әзірленді.

2. Академияның Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебіне (бұдан әрі – МСҰМ) Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ шетел азаматтары және Қазақстан Республикасының аумағында тұрғылықты тұратын, азаматтығы жоқ тұлғалар қабылданады.

3. МСҰМ-да білім алушылар контингенті мен санын қалыптастыру республикалық бюджет қаржысы есебінен қаржыландыру көлемі шегінде, сондай-ақ жеке және/немесе заңды тұлғалардың қаражаты есебінен ақылы негізде жүзеге асырылады.

4. МСҰМ-ға оқуға түсу емтихандарын өткізу және оқуға қабылдау кезеңіне

Академия ректорының бұйрығымен Қабылдау, емтихан және апелляциялық комиссия құрылады.

Академия ректоры Қабылдау комиссиясының төрағасы болып табылады.

5. МСҰМ-ға оқуға түсушілердің өтініштері 1–30 шілде аралығында қабылданады. Қабылдау емтихандары 1–20 тамыз аралығында, оқуға қабылдау – 31 тамызға дейін жүргізіледі.

6. Академия құжаттарды тапсыру мерзімі басталғанға дейін отыз күнтізбелік күннен кешіктірілмей МСҰМ-ға қабылдауды дайындау мамандықтарын, оқу мерзімі, шарттары (бюджеттік немесе ақылы негізде) және оқыту тілдерін көрсете отырып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарлайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

2. МСҰМ-не оқуға түсушілерді қабылдау тәртібі

7. МСҰМ-ға бюджеттік негізде оқуға түсушілер контингенті мыналардан құрылады:

- 1) саяси мемлекеттік қызметшілер;
- 2) Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы № 501 Жарлығымен бекітілген санаттар бойынша әкімшілік мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының Тізіліміне сәйкес А-1, А-2, В-1, В-2, В-3, В-4, С-1, С-2, С-3, С-О-1, С-О-2, D-1, D-2, D-О-1, D-О-2, Е-1, Е-2 санатындағы әкімшілік мемлекеттік қызметшілер;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзге құқықтық мәртебе айқындалған, орталық және өңірлік комитеттердің (департаменттер мен инспекциялар) басшылары, басшыларының орынбасарлары лауазымындағы мемлекеттік қызметшілер.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

8. МСҰМ-ға ақылы негізде оқуға түсушілер контингенті мыналардан құрылады:

- 1) осы Ережелердің 8-тармағында көрсетілген тұлғалар;
- 2) ұлттық компаниялардың бірінші басшылары мен департаменттер басшылары орынбасарынан төмен емес қызметтегі лауазымды тұлғалар;
- 3) «Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 4 желтоқсандағы № 1243 «Мемлекеттік қызметтің кадрлар резерві туралы» Жарлығын іске асырудың кейбір іс-шаралары туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет

істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2006 жылғы 24 наурыздағы № 02-01-02/48 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 4152 болып енгізілген) саяси мемлекеттік қызметтің кадрлар резервіне қабылдау үшін қойылатын талаптарға сай болатын ұйым басшылары .

9. МСҰМ-ға оқуға түсушілер мына талаптарға сай болуы тиіс:

- 1) жоғары білімінің болуы;
- 2) құжаттарды тапсыру кезеңіне еңбек өтілінің болуы: бюджеттік негізде оқуға түсушілер үшін мемлекеттік қызметте кемінде 5 (бес) жыл, оның ішінде басшылық қызметте кемінде 1 (бір) жыл; ақылы негізде оқуға түсушілер үшін жалпы еңбек өтілі кемінде 7 (жеті) жыл, оның ішінде басшылық қызметте кемінде 1 (бір) жыл, немесе мемлекеттік қызметте 5 (бес) жыл, оның ішінде басшылық қызметте кемінде 1 (бір) жыл.

10. МСҰМ-ға оқуға түсушілер Академияның қабылдау комиссиясына мына құжаттарды тапсырады :

- 1) ректордың атына жазылған өтініш, өз еркінше;
- 2) жоғары білімі туралы құжаттың қосымшасымен бірге нотариалдық расталған (мемлекеттік қызметкерлерге – мемлекеттік органның кадр қызметі растаған) көшірмесі;
- 3) 3,5x4,5 көлемді 6 фотосурет;
- 4) медициналық анықтама;
- 5) жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі;
- 6) еңбек қызметін растайтын құжаттың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нотариалдық расталған (мемлекеттік қызметкерлерге – мемлекеттік органның кадр қызметі растаған) көшірмесі;
- 7) жұмыс орнынан мінездеме;

7-1) осы Ереженің 14-1-тармағында көрсетілген бағдарламалар бойынша тест тапсырғандығы туралы қолданыстағы нотариалды куәландырылған (мемлекеттік қызметкерлерге – мемлекеттік органның кадр қызметі растаған) сертификат көшірмесі (бар болса);

8) ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектері болған жағдайда, аталған құжаттардың көшірмелерімен бірге олардың тізімі;

9) жұмыс орны бойынша кадр бөлімі растаған кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы немесе істеген қызметтерінің тізімі.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

11. МСҰМ-ға бюджеттік негізде оқуға түсушілер қосымша мыналарды тапсырады :

1) Мемлекеттік органның жетекшісінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағыттауға құқығы бар тұлғаның қолы қойылған, Академия бекіткен нысандағы жолдама;

2) жұмыс орнынан санаты және мемлекеттік қызмет өтілі көрсетілген анықтамa .

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

3. Қабылдау емтихандарын өткізу тәртібі

12. МСҰМ-ға оқуға түсушілер мына қабылдау емтихандарын тапсырады:

1) ағылшын тілі бойынша;

2) мамандығы бойынша .

12-1. Шетел азаматтары түсу емтихандарын тапсырады:

1) қазақ немесе орыс тілдері бойынша (оқыту тілі);

2) мамандық бойынша .

Ескерту. 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

13. МСҰМ қабылдау емтихандарының бағдарламаларын жоғары негізгі және арнаулы білім беру пәндерінің типтік бағдарламалары негізінде қалыптастырады.

14. Ағылшын тілі бойынша қабылдау емтихан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы әзірлеген технологиялар бойынша тапсырылады .

14-1. Test of English as a Foreign Language (TOEFL, шекті балл - кемінде 560), International English Language Tests System (IELTS, шекті балл - кемінде 6.0) бағдарламалары бойынша ағылшын тілінен тест тапсырғандығы туралы расталған қолданыстағы сертификаты бар Қазақстан Республикасының азаматтары ағылшын тілінен түсу емтихандарынан босатылады.

Ескерту. 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

15. Жоғары білім беру бағдарламасының көлемінде мамандығы бойынша қабылдау емтиханын емтихан комиссиясы ауызша түрде жүргізеді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

Ескерту. 16-тармақ алынып тасталды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

17. Қабылдау емтихандарының бірінен қанағаттанарлықсыз баға алған тұлға одан әрі конкурса қатысуға жіберілмейді. Емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

18. Қабылдау емтиханының нәтижелерімен келіспеген оқуға түсуші тиісті емтихан тапсырғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін апелляциялық комиссияға өтініш береді. Апелляциялық комиссия өтініш тапсырылған күннен бастап бір күн ішінде апелляция туралы өтінішті қарайды және емтихан бойынша соңғы баға туралы шешім шығарады.

19. Апелляциялық комиссиясының құрамына мемлекеттік органдардың өкілдері тәуелсіз сарапшы ретінде қатыса алады.

4. МСҰМ-ға қабылдау тәртібі

20. Қабылдау комиссиясы МСҰМ-ға қабылдауды оқуға түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырады.

21. Қабылдау емтихандарының жиынтығы бойынша оң баға алған және кемінде 8 балл (дәстүрлі бағалау жүйесі бойынша) жинаған тұлғаларды Қабылдау комиссиясы оқуға қабылдануға кандидат ретінде қарастырады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

22. Бюджеттік негізде оқуға қабылдау кезінде бірдей балл жинаған жағдайда, мамандығы бойынша ең жоғары баға алған, сосын ағылшын/қазақ, орыс тілі бойынша ең жоғары баға алған оқуға түсушілерге басым құқық беріледі.

Мамандығы бойынша және ағылшын/қазақ, орыс тілі бойынша бірдей балл жинаған жағдайда, қабылдау кезінде мемлекеттік қызметтің басшылық лауазымдарындағы еңбек өтілі көп бар, сосын тиісті мамандық бейіні бойынша ғылыми жетістіктері (ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, патенттері, ғылыми жарияланымдары және басқалар), сосын үздік белгідегі жоғары білім туралы дипломы бар азаматтарға басым құқық беріледі.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011.05.28 № 02-01-02/101 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығы.

23. Бюджеттік негізде оқуға қабылдау туралы бұйрық Академия, оқуға түсетін конкурсант, және Академияға оқуға жіберген мемлекеттік орган арасындағы үш жақты шарт жасалғаннан кейін жүзеге асырылады. Ақылы

негізде оқуға қабылдау туралы бұйрық шарт жасалғаннан кейін және бірінші оқу жылының толық немесе жартылай (50%) ақысы төленгеннен кейін шығарылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ